

## **ОЖСӨЖ тақырып №2: Этнолингвистиканың зерттеу объектілері мен мақсат-мүдделері**

**Сабақтың мақсаты:** Ә. Қайдар негізін салған қазақ этнолингвистикасының даралығына, өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның тіл білімінің басқа да салаларымен байланысын ашып көрсету

### **Негізгі сұрақтар:**

1. Этнолингвистика және мәдениеттану
2. Этнолингвистика және этнография. Этнолингвистика және этимология
3. Қазақ этнолингвистикасының өзіне тән ерекшеліктері

### **Тапсырма:**

1. Этнолингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы қалай көрінеді?
2. Отандық этнолингвистиканың өзіне тән қандай ерекшеліктері бар?
3. Қазақ этнолингвистикасының негізін салған кімдер?

*Этнолингвистика және мәдениеттану (культурология).* Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі — мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым.

Мәдениет — әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал, соның бәрін танып-білудің ең басты құралы — тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды. Алайда осыған қарап олардың зерттеу объектісін біріктіріп жіберіп, бір ғылым деп қарауға да, өзіндік ерекшеліктері бар этнолингвизмдер мен мәдени лексиканың арасына тепе-теңдік белгісін қоя салуға да болмайды.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 5 апта